

**Д. Серікбаев атындағы
Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Техникалық Университеті**

Экономика және менеджмент факультеті

«Кәсіпорын экономикасы» кафедрасы

Келесі мамандықты ұсынады:

050908 – Бағалау (бакалавриаты)

Оқу түрі мен мерзімдері:

- орта білім негізінде: күндізгі – 4 жыл, сырттай – 5 жыл;
- орта мамандырылған білім негізінде (колледж): күндізгі – 3 жыл, сырттай – 3 жыл;
- жоғары кәсіптік білім негізінде: сырттай – 2 жыл.

Біліктілік – бағалау бакалавры.

Бағалау бакалавры объектілердің (қозғалмалы және жылжымайтын мүліктің, жұмыстың, қызметтің, ақпараттардың) нарықтық, инвестициялық және жойылу құндарын белгілеу бойынша бағалау қызметін жүргізеді; материалдық объектілерді бағалау қызметтеріне қажеттіліктерді анықтайды; іскерлік қатынастарды орнатады және мүлік объектілері мен т.б. бағалау бойынша жұмыстар жүргізу мақсатында тапсырыскерлермен келіссөздер жүргізеді.

Түлектердің кәсіптік қызметтерінің объектілері:

- ❖ жылжымайтын мүлік және жер;
- ❖ қоршаған орта және табиғи ресурстар;
- ❖ машиналар, жабдықтар және көлік құралдары;
- ❖ жаңа технологиялар және жаңартпашылықтар;
- ❖ инвестициялық жобалар және бағалы қағаздар;
- ❖ материалдық емес активтер және интеллектуалдық меншіктер;
- ❖ кәсіпорын.

Осы мамандықтың түлектері келесі орындарында жұмыс істей алады:

өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ұйымдардың экономика және қаржы бөлімдерінде;

бағалау фирмаларында;

кеңестік бизнесте;

банктік мекемелердің несиелік бөлімдерінде;

қозғалмалы және жылжымайтын мүліктік

агенттіктерде.



Бағалау бакалаврының кәсіптік қызметі ретінде бағалаудың жалпы қабылданған қағидаларын қолдану арқылы орындалатын сәйкес зерттеулер жүргізу жолымен объект құнын белгілеу өнерін игере білу болып табылады. Бағалау – бұл ғылым мен өнердің жігіндегі қызмет. Зерттеу объектісінің бағалау құнының соңғы нәтижесіне бағалаушының біліктілігі, оның сезгіштігі, оның жағдайды түсінуі, басқа объективтік және субъективтік факторлар әсер етеді.

Кәсіптік қызмет ортасы – 050908 - «Бағалау» мамандығының бакалаврлары нақты меншік объектісіне бағалау жүргізу үшін білімге ие болуы керек. Олар экономиканың барлық саласындағы кәсіпкерлік, коммерциялық және ғылыми-зерттеулік қызметтерді іске асырады. Бағалау бакалавры бірқатар арнаулы және экономикалық пәндер бойынша кешенді білімге ие болуы керек, бағалау қызметінің қазіргі уақыттағы мәселелерін терең түсінуі қажет, дамыған аналитикалық ойлау қабілетіне ие болуы керек, сонымен қатар бағалаудың қазіргі уақыттағы барлық теориялық және әдістемелік құралдарын қолдана алуға міндетті, себебі бағалаушы жұмысының нәтижесі нарықтық қатынасқа қатысушылар қызметінің қаржылық қорытындысына тура әсер етеді. Мүліктің құнын анықтау бағалаушы қызметінің негізгі мақсаты болып табылады, олар құн туралы алалықсыз қорытынды жасау кезінде тәуелсіз, бейтарап үшінші жақ ретінде әрекет етуі тиіс және тек Қазақстан Республикасының Заңына бағынады. Бағалау бакалавры меншік объектісіне бағалау жүргізілетін елдегі, аймақтағы саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайды білуі қажет.

Кәсіптік қызмет функциялары:

050908 – «Бағалау» мамандығының бакалавры келесідей жұмыс істей алады:

- ❖ сарапшы-бағалаушы;
- ❖ қозғалмалы және жылжымайтын мүлікті бағалау бойынша кеңесші;
- ❖ жерді бағалау бойынша кеңесші;
- ❖ қоршаған орта мен табиғи ресурстарды бағалау бойынша кеңесші;
- ❖ машиналар, жабдықтар мен көлік құралдарын бағалау бойынша кеңесші;
- ❖ жаңа технологиялар мен жаңартпашылықтарды бағалау бойынша кеңесші;
- ❖ материалдық емес активтер мен интеллектуалдық меншіктерді бағалау бойынша кеңесші;
- ❖ бизнесті бағалау бойынша кеңесші;
- ❖ мемлекеттік және мемлекеттік емес профильдегі ғылыми-зерттеу ұйымдарының ғылыми қызметкері;
- ❖ әртүрлі саладағы және меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жоғарғы және ортаңғы топтарының жетекшісі, маманы.

Бакалавр дипломымен 6N0908-Бағалау магистратурасына түсуіне болады, ол теориялық және қолданбалы бағалауды тереңдете оқу бағдарламасын ұсынады.

Біз сіздерді мына адрес бойынша күтеміз:

*Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі 19, ШҚМТУ, «Кәсіпорын экономикасы» кафедрасы,
аудитория Г-3-211, телефон 54-02-06.*